

**Әкімдіктің 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 28 "Халықтың нысаналы топтарының 2009 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

***Күші жойған***

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 151 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 мамырда № 9-3-109 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 қыркүйектегі № 330 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009.09.24 № 330 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7-баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдігінің 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 28 "Халықтың нысаналы топтарының 2009 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-3-99 нөмірімен тіркелген, "Арқалық хабары" қалалық апталық газетінде 2009 жылдың 30 қаңтарындағы 4 (233)-нөмірінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

қосымша абзацтармен толықтырылсын:

"жұмыс беруші (заңды тұлға) таратылған не жұмыс беруші (жеке тұлға) қызметінің тоқтатылуына байланысты босатылғандар";

"қызметкерлерге саны немесе штаты қысқартылуына байланысты б о с а т ы л ғ а н д а р " ;

"толық емес жұмыс уақытының режимінде жұмыс істейтін тұлғалар";

"жеті жасқа дейін бала күтімімен отырған, оның ішінде аз қамтылған немесе ж ұ м ы с с ы з т ұ л ғ а л а р " .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ. Ш. Шаяхметовқа жүктелсін.

Қала әкімі  
**КЕЛІСІЛДІ**

*Т. Төлеубаев*

*"Арқалық қалалық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
\_\_\_\_\_М. Сүлейменова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ